

٩٨١٢٧٦

الببلي

الببلي

ЭЛПБИ

Älþbi

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ



ARDА +7

Алматы

2020

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асрудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды*

Күрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Кожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер камтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазірі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпка қызығушылықтанытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

ISBN 978-601-7355-75-3

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» ҚeАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

Маюскул жазуы (латын. «*maiusculus*» – біршама үлкен). Екі паралель сзықтардың ортасына ірі, бас әріптермен жазылатын жазу жүйесі. М. көне грек және латын жазуларында II ғасырға дейін қолданылды.

Мәскеу фонология мектебі – XIX ғ. 70-80 жылдарында Мәскеу университетінің ғалымдары қалыптастырыған бағыт. Бұл мектеп құрамында орыс тіл білімінің көрнекті өкілдері Ф.Фортунатов, А.Шахматов, А.Пешковский болды. М.ф.м. көзқарастары 1945 жылы Мәскеуде жарық көрген Р.Аванесов пен В.Сидоровтың «Орыс әдеби тілі грамматикасының очеркі (I бөлім: фонетика және морфология)» кітабында баяндалған. М.ф.м. негізгі ұстанымы – тілдің фонемалық құрамын анықтауда морфологиялық критерийді қолдану (морфемалық бөлінуге жүгінүү). М.ф.м. аясында фонологиялық позициялар теориясы мен фонеманың езгеруі туралы ілім жасалды.

Мәт «~» – сөз басында келген «а» дыбысын таңбалап, сүйеу таяқтан ажырату үшін қойылған белгі. Сөз ортасында, сөз соңында келген «а» әрпі мәтсіз жазылады.

Мәтін (латын. «*textus*» – мата). М. белгілі бір затқа, ағашқа, тасқа, қағазға т.б. заттарға жазылады. М. өзара байланысты сөздер мен сөз тіркестерінен тұрып белгілі бір идеяны, ойды білдіреді. М. сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы құрылады.

Мезоамерикалық жазу жүйелері – солтүстік Америкадағы қазіргі Мексика территориясы ортасынан бастап Гондурас пен Никарагуаны қамтып жаткан көне тарихи-мәдени аймақтан табылған б.з.д. V ғасырдағы жазу үлгілері. М.ж.ж. ең алғашқы жазулар пайда болған Таяу Шығыс, Пасха аралындағы жазулардан дербес пайда болған. Жазба жәдігерлер ірі тас жартастарға, стеллаларға, сылақтарға, ағашқа, керамикаға жазылған. Ғалымдардың айтуынша, мезоамерика территориясында бұл жазу жүйесі кен тараған. М.ж.ж. әртүрлі тілдерге арналған жазу үлгілері болды. Олардың ішінде майя, ацтек жазулары толық оқылса, сапотек, теотикан, миштек, эпиольмес жазуларын әлі де толық оқу мүмкін болмауда. М.ж.ж. мазмұны мен мақсаты жөнінде пікірлері әр алуан. Кейбір ғалымдардың айтуынша, символдар мен суреттерге құрылған бұл жазулар діни мазмұнда.

Мероит жазуы – Күш патшалығының Мероит кезеңінің басында (б.з.д. III ғ.) М. тілін жазу үшін мысырлық және мероиттік иероглифтерден тұратын жазу. Грек тарихшысы Диодор (шамамен б.з.д. 50 ж.) тарихи кітабында бұл екі жазудың сипаттамасын берген. Мероит кезеңіне дейін мысырлық иероглифтер қолданылған.

Месопотамия (грек. «*mésos*» – ортасындағы, «*potamos*» – езен). Тигр мен Евфрат өзендерінің ортасында орналасқан адамзат тарихындағы ең көне әркениеттердің бірі. Бұл әркениет б.з.д. 4 мың жыл бұрын қалыптаскан, ең көне мәдениет болып саналады. Ғылыми және басқа әдебиеттерде бұл атау «Косөзен» деп те аталады. Оңтүстік М. б.з.д. 2 мыңжылдықта Вавилон патшалығы болған. Қазіргі М. Ирак, Сирияның солтүстік шығысы және Иран мен Туркияның шеткі территориилары енеді. М. территориясынан, оның ішінде Оңтүстік М. Шумер мәдениеті жалпыадамзаттық жазу мәдениетіне айрықша ықпал етті. Шумер